

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға медициналық көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 2 ақпандағы N 1/94 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 наурызда N 922 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 6 наурыздағы N 1/150 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2013.03.06 N 1/150 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2001 жылғы 15 қаңтардағы № 41 "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға медициналық жәрдем көрсетуді одан әрі жақсарту туралы" бұйрығына және IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы XXXXX сессиясының № 490 "2012-2014 жылдарға арналған Алматы қаласының бюджеті туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылғы 23 желтоқсанда тіркелген № 909) шешімін орындау үшін Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сонымен қатар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларды стоматологиялық емдеу мен тіс протездерін салу Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасына 2012 жылы жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен қамтамасыз етілсін.

2. Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сонымен қатар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға стоматологиялық емдеу мен тіс протездерін салу қ ы з м е т т е р і н к ө р с е т с і н ;

2) аталған топтағы тұлғаларға көрсетілетін стоматологиялық емдеу мен тіс

протездерін салу көлемінің орындалуы мен сапасын бақылауды қамтамасыз етсін

3. Алматы қаласы әкімдігінің "Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мүгедектеріне, сонымен қатар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға медициналық көмек көрсетудің кейбір мәселері туралы" 2011 жылғы 11 сәуірдегі № 2/215 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген № 887, 2011 жылғы 21 сәуірде "Вечерний Алматы" № 52 және "Алматы ақшамы" № 49 газеттерінде жарияланған)

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары
С . Сейдумановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов